

ӨТЕЖАН НҰРҒАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САТИРАЛЫҚ БЕЙНЕЛЕУ ЖӘНЕ ПОЭТИКАЛЫҚ ТҰТАСТЫҚ

ОБАЕВА Г.С.¹ , СОЙЛЕМЕЗ О.² 

Обаева Гульнара Садуақасовна¹ – PhD, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: gso752@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2051-0270>

Сойлемез Орхан² - PhD, профессор, Кастамону университеті, Кастамону қ., Түркия.

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0002-2758-8436>

Аңдатпа. Бұл мақала ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Өтежан Нұрғалиев шығармашылығындағы сатиралық поэтиканың көркемдік табиғатын талдауға арналған. Ақын поэзиясындағы сатира мен юмордың идеялық-эстетикалық қызметі, олардың азаматтық лирикамен, философиялық оймен астасуы негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. Өтежан Нұрғалиев сатираны тек күлкі тудырушы тәсіл ретінде емес, қоғамдағы моральдық-этикалық құндылықтарды саралайтын, адам болмысындағы кемшіліктерді әшкерелейтін пәрменді көркемдік құрал дәрежесіне көтерді.

Мақалада ақынның «Дүниеқоңыз», «Өлең жазатын адам», «Арызқой», «Мен талантты ақынмын», «Дарынсыз драматургке» сияқты сатиралық өлеңдері поэтикалық тұтастық, образ жасау, ирония, сарказм, типтендіру және нақты есім беру тәсілдері тұрғысынан талданады. Сатиралық бейнелер арқылы ақын замандас мінезін, әдеби ортадағы тоғышарлықты, пысықайлықты, жалған бедел мен рухани жұтандықты сын тезіне салады. Сонымен қатар Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы юморлық сипаттың жеңіл күлкімен шектелмей, терең әлеуметтік, философиялық мазмұнмен ұштасатыны дәлелденеді.

Зерттеу барысында салыстырмалы-типологиялық, поэтикалық талдау, мәтіндік интерпретация әдістері қолданылды. Мақала нәтижелері Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы сатиралық поэтиканың қазақ әдебиетіндегі орны мен көркемдік маңызын айқындауға мүмкіндік береді және қазақ поэзиясының даму үрдістерін зерделеуде ғылыми-теориялық тұрғыдан маңызды.

Түйін сөздер. Өтежан Нұрғалиев, қазақ поэзиясы, сатира, ирония, сарказм, поэтика, типтендіру.

Кіріспе.

ХХ ғасырдың екінші жартысы қазақ поэзиясының даму тарихындағы аса маңызды әрі өнімді кезеңдердің бірі болып саналады. Дәл осы уақыт аралығында ұлттық поэзия кең тынысты, терең ойлы, табиғи болмысы айқын шығармашылық тұлғалармен толығып, көркемдік сапа тұрғысынан жаңа белеске көтерілді. Кеңестік кезеңдегі социалистік реализм талаптарының шектеулері бұл буын өкілдеріне де белгілі бір деңгейде әсер еткенімен, аталмыш ақындар ұлттық поэзияның табиғи болмысын, көркемдік еркіндігін сақтай алды. Ең бастысы, олар поэзияны бір ғана арнамен шектемей, әрқайсысы өзіндік көркемдік өрнегі арқылы ұлттық өлең өнерін байытып, мазмұндық әрі пішіндік тұрғыдан дамытты. Осы шығармашылық буын өкілдерінің қатарында қазақ поэзиясында дара қолтаңбасымен танылған Өтежан Нұрғалиевтің орны айрықша. Ақынның лирикалық өлеңдері мен эпикалық поэмалары ХХ ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақ поэзиясының кемелдену үдерісін айқын көрсетеді. Аталған кезеңде жарық көрген шығармалары кең оқырман қауымның ықыласына ие болып, поэзия сүйер көпшіліктің рухани әлеміне терең әсер етті. Ө. Нұрғалиев поэзиясындағы лирикалық қаһарман бейнесі уақыт пен кеңістік аясындағы адам болмысының күрделі сипатын танытады. Ақын шығармаларында адамның жан дүниесінде қатар өрілетін қуаныш пен мұң, үміт пен торығу, жігер мен жасу секілді қарама-қарсы сезімдер өзара астасып, философиялық әрі психологиялық сипатта көркем бейнеленеді. Лирикалық субъектінің ішкі толғаныстары арқылы ақын өмір шындығын терең пайымдап, адам жанының сан қырлы қозғалысын поэтикалық деңгейде ашады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл зерттеудің материалы ретінде ХХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Өтежан Нұрғалиевтің лирикалық және сатиралық бағыттағы өлеңдері алынды. Зерттеу барысында ақынның қоғамдағы моральдық-этикалық мәселелерді,

адам болмысының қайшылықтарын әшкерелейтін «Дүниеқоңыз», «Өлең жазатын адам», «Арызқой», «Мен талантты ақынмын», «Дарынсыз драматургке», «Асқар Сүлейменов сөз бастайды» сияқты шығармалары негізгі талдау нысаны ретінде қарастырылды.

Зерттеуде поэтикалық талдау, салыстырмалы-типологиялық әдіс, мәтіндік интерпретация және тарихи-әдеби талдау тәсілдері қолданылды. Ақын өлеңдеріндегі сатиралық бейнелер, юмор, ирония мен сарказм поэтикалық тұтастық аясында қарастырылып, образ жасау мен типтендірудің көркемдік ерекшеліктері айқындалды. Сонымен қатар қазақ сатирасының даму тарихына қатысты А. Байтұрсынұлы, Т. Қожакеев, А. Мұсаев еңбектеріндегі теориялық тұжырымдар зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылды.

Аталған әдістер Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы сатиралық поэтиканың идеялық-көркемдік табиғатын, ұлттық поэзия дамуындағы орнын жүйелі түрде анықтауға мүмкіндік берді.

Өтежан Нұрғалиев шығармашылығының жанрлық ауқымы кең екенін оның сатиралық бағыттағы өлеңдері де дәлелдейді. Ақынның сатиралық жырларында қоғам өміріндегі әлеуметтік қайшылықтар, адам мінезіндегі кемшіліктер сын тезіне алына отырып, тәрбиелік әрі ағартушылық мақсат көзделеді. Бұл өлеңдер ақынның қоғамдық позициясын, азаматтық жауапкершілігін, өмір құбылыстарына сындарлы көзқарасын айқын көрсетеді. XX ғасырдың екінші жартысы мен соңына қарай қазақ әдебиетінде мазмұны мен көркемдік пішіні жағынан қоғамдық сұранысқа жауап бере алатын, өмір шындығын терең бейнелеген бірқатар көрнекті туындылар дүниеге келді. Осы кезеңде әдеби процестің белсенді салаларының бірі ретінде сатира жанры айрықша қарқынмен дамыды. Әсіресе 1960–80-жылдар аралығы қазақ сатирасының кемелденіп, көркемдік тұрғыдан биік деңгейге көтерілген дәуірі ретінде бағаланады. Бұл уақытта сатира тек жеке шығармашылық тәжірибелермен шектелмей, әдебиеттің ықпалды әрі пәрменді саласына айналды.

Аталған кезеңде қазақ сатирасының теориялық және практикалық негізін тереңдеткен әдеби-сын мақалалар да, көркем туындылар да молынан жарық көрді. М. Тілеужанов, Х. Әдібаев, Ғ. Қабышев, Қ. Ілиясов-сынды зерттеушілердің еңбектері жанр табиғатын саралауға бағытталса, көркем сатираны дамытуда І. Жансүгіров, Б. Майлин, А. Тоқмағанбетов қалыптастырған дәстүрді О. Әубәкіров, Ғ. Қабышев, Е. Домбаев, С. Әлжіков тәрізді қаламгерлер жаңа мазмұнмен, тың көркемдік тәсілдермен жалғастырды. Осы арқылы сатиралық поэзия мен прозада тақырыптық өріс кеңейіп, жанрдың әлеуметтік салмағы арта түсті. Бастапқы кезеңдерде сатира көбіне көңіл көтеру, юморлық әсер тудыру, әзіл-оспақ сипатында көрінсе, уақыт өте келе оның қоғамдық қызметі тереңдей түсті. Сатира енді кемшілікті күлкі арқылы әшкерелеу, әлеуметтік теңсіздікті, рухани олқылықтарды, адам мінезіндегі кереғарлықтарды сынау құралына айналды. Белгілі бір тарихи кезеңдерде ол таптық қайшылықтарды, әлеуметтік әділетсіздікті айқындаса, енді бір тұста ұлттық мінез-құлықтың, қоғамдық сананың айнасы ретінде қызмет атқарды. Осы тұрғыдан алғанда, сатира – тек күлкі тудыратын құрал емес, қоғамның ішкі дертін дәл басып көрсететін көркемдік феномен. Сатира жанрының тарихи тамыры адамзат қоғамымен бірге қалыптасқан деген пікірдің негізі бар. Адам баласы күлкіні, әзілді, иронияны өмірді танудың, оған баға берудің бір тәсілі ретінде ерте кезден пайдаланып келеді. Өйткені өмірдің өзі қарама-қайшылықтарға толы: жеңіс пен жеңіліс, табыс пен сәтсіздік, үміт пен күдік қатар жүреді. Мұндай жағдайларда күлкі – адам болмысының табиғи реакциясы, рухани тепе-теңдікті сақтаудың бір жолы [1, 10]. Сондықтан әлем әдебиеті тарихында сатира ең көне жанрлардың бірі ретінде үздіксіз дамып, бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі сатира жанры да терең тарихи дәстүрге ие. Оның теориялық негіздерін алғаш жүйелі түрде зерделеген ғалым – А. Байтұрсынұлы. Ол әзіл-сықақ құбылысын «күлкі» ұғымы арқылы сипаттап, оны шын күлкі және сын күлкі деп екіге бөледі. Ғалымның пайымдауынша, шын күлкі адамның көңілі көтеріліп, шаттық үстінде пайда болса, сын күлкі күмәнді, оғаш, келеңсіз құбылыстарды аңғарудан туындайды. Сонымен қатар Байтұрсынұлы күлкінің ауыр және жеңіл түрлерін ажыратып, мазақ пен мысқылды, сықақ пен әзілді жіктеп көрсетеді [2, 292]. Бұл тұжырымдар бүгінгі әдебиеттану үшін де өзектілігін жойған жоқ.

Өйткені қазіргі сатиралық шығармаларда да әзіл мен мысқыл, ирония мен сарказм сияқты көркемдік тәсілдер әлеуметтік шындықты бейнелеудің негізгі құралдары ретінде қолданылады. Демек, қазақ сатирасының теориялық негіздері мен көркемдік тәжірибесі ұлттық әдебиеттің дамуында маңызды орын алып, әдеби процестің ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қалыптасқан.

Т. Қожакеев қазақ әзіл-қалжың сөз өнерінің фольклор аясында кең таралғанын атап көрсете отырып, оның тек жеке жанр ретінде ғана емес, белгілі бір өмірлік құбылыстарды бейнелеудің көркемдік әдісі ретінде де қызмет атқаратынын айқындайды. Ғалымның пікірінше, әзіл-қалжың элементтері халықтың тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін ең көне жанрлардың бірі – тұрмыс-салт жырларының өзінен-ақ молынан ұшырасады, яғни күлкі мәдениеті қазақтың рухани өмірімен ертеден біте қайнасқан [1, 17–33]. Бұл тұжырымды М.Құлмұхамбетов пен С.Қорабаев та жалғастырып, «Қазақ энциклопедиясында» әзіл-қалжың шешендік сөз өнерінің бастауы халық ауыз әдебиетінде жатқанын атап өтеді. Ғалымдар қазақ фольклорындағы күлкі формаларының әртүрлі типтерін нақты мысалдар арқылы, яғни Алдаркөсе туралы аңыздарда ащы мысқыл мен әлеуметтік әшкерелеу басым болса, Қожанасыр бейнесі арқылы достық сипаттағы сын, астарлы әзіл көрініс табатынын, ал Тазша бала мен өтірік өлеңдерде әсірелеу мен гротеск тәсілдері жетекші орын алатынын саралайды [3, 517]. Бұл жіктеу қазақ әзіл-сықақ өнерінің ішкі көркемдік жүйесінің күрделі әрі көпқабатты екенін көрсетеді. Академик Ә.Марғұлан өтірік өлеңдерді әзіл мен сықаққа құрылған, ескіліктің жағымсыз қылықтарын әшкерелейтін шығармалар қатарына жатқыза отырып, олардың тәрбиелік әрі сыншыл қызметіне назар аударады. Бұл пікірлердің барлығы қазақ халқының сыншыл күлкіге, ирония мен мысқылға бейім рухани болмысын айқындайды. Яғни әзіл мен сатира – қазақ дүниетанымының ажырамас құрамдас бөлігі.

Қазақтың әзіл-қалжың, сатиралық сөз өнері ауыз әдебиетімен ғана шектелмей, баспасөз арқылы да тұрақты даму арнасына түсті. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында жарық көрген «Түркістан уалаяты газеті» (1870–1882), «Дала уалаяты газеті» (1888–1902) беттерінде жарияланған сатиралық мәтіндер бұл жанрдың жазба әдебиеттегі алғашқы үлгілерін қалыптастырды. Кейіннен «Садақ» (1915–1918), «Шаншар» (1925), «Балға» (1932), «Ара – шмель» (1956–1994), «Ара kz» сияқты басылымдарда әзіл-сықақ, мысқыл, күлкі мәдениеті жүйелі түрде дамып, қоғамдық ойды қалыптастырудың пәрменді құралына айналды. Аталған басылымдардың бас редакторлары мен тұрақты авторларының көпшілігі кәсіби сатириктер мен юмористер болуы жанрдың көркемдік деңгейін арттырды. Қазақ сатирасының поэтикасы филология ғылымдарының докторы, профессор А.М. Мұсаевтың еңбектерінде жүйелі ғылыми негізге түсірілді. Ғалым сатираның қоғамдық қызметін, көркемдік-образдық жүйесін, поэтикалық тәсілдерін жан-жақты талдап, оны дербес әдеби-теориялық құбылыс ретінде дәлелдеді [4]. Осы зерттеулердің нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі сатира жанрының орны мен оның адам санасын, қоғамдық көзқарасты өзгертуге бағытталған қуатты эстетикалық әлеуеті ғылыми тұрғыдан тұжырымдалды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нысанына алынған Өтежан Нұрғалиев шығармашылығында сатира айрықша көркемдік қызмет атқарады. Ақынның сатиралық өлеңдері жекелеген адамдардың мінез-құлқындағы кереғарлықтарды ғана емес, тұтас қоғамдағы рухани дағдарыстарды, әлеуметтік дерттерді әшкерелеуге бағытталған. Бұл тұрғыда оның сатирасы тар мағынадағы күлкі тудыру мақсатын көздемей, адам болмысына, қоғамдық санаға әсер ететін сыншыл эстетика деңгейіне көтеріледі. Ақын жеке тұлғаның өнегелі қасиеттері мен ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуға тиіс рухани құндылықтарды салыстыра отырып, олардың бұзылу себептерін поэтикалық өткірлікпен ашады.

ХХ ғасырдың екінші жартысында кеңестік қоғамда, соның ішінде Қазақстанда да, рухани құндылықтардың әлсіреп, тұрпайы мүдделердің алдыңғы қатарға шығуы, жаман әдеттердің кең етек жаюы айқын байқалды. Өтежан Нұрғалиевтің сатиралық туындылары дәл осы әлеуметтік-психологиялық ахуалға жауап ретінде дүниеге келді. Ақынның «*Мен талантты ақынмын*» атты сатиралық-элегиялық өлеңінде жалған бедел, өтірік пафос, рухани

жауапсыздық секілді құбылыстар әшкереленеді. Бұл өлеңде сатира элегиялық реңкпен астасып, күлкі мен күйініш қатар өріледі. Ақын қоғамда қалыптасқан жалған «таланттылықты» әшкерелей отырып, шын өнер мен жалған атақтың ара жігін ажыратады.

Өтежан поэзиясындағы сатиралық сарындардың тағы бір маңызды қыры – адам бойындағы пендешілік мінездерді әшкерелеу. Дүниеқоңыздық, іштарлық, көреалмаушылық сияқты қасиеттер ақын шығармаларында жеке адамға тән кемшілік ретінде ғана емес, қоғамды іштей ірітіп тұрған әлеуметтік дерт ретінде көрінеді. Бұл тұрғыдан алғанда, «Дүниеқоңыз» өлеңі ақын сатирасының поэтикалық қуатын айқын танытады [5, 371]. Өлеңнің сатиралық қуаты ең алдымен адам бойындағы дүниеқоңыздық пен пайдакүнемдікті типтік образ деңгейіне көтеруінен көрінеді. Ақын кейіпкерін жеке адам ретінде емес, қоғамда жиі кездесетін мінез иесі ретінде жинақтайды. «Автодос» бейнесі – ұзақ жылдар бойы тірнектеп жиған дүниесін адамдық қарым-қатынас пен рухани құндылықтардан жоғары қойған пенденің символы. Ақын кейіпкердің мінезін тікелей мінемей, оның әрекеті арқылы әшкерелейді: көптен күткен арманына жеткен сәтте адамдық уәде, достық, ниет атаулының аяқ асты болуы сатиралық әсерді күшейте түседі. Осылайша, материалдық мүдде жолында адамдық қасиеттерінен айырылған тұлғаның ішкі әлемі ашылады. Кейіпкердің бар арманын бір затқа – көлікке телу арқылы ақын адамдық құндылықтардың қалай көмескіленетінін көрсетеді:

*...Бәйгіде қоймай келген бағзы ашыла,
Жүргенде саусақ ойнап жағасына,
Қайтсем-ау сол байғұсты деп жүргенде,
Жабысты ол сата гөр деп бағасына!*

Бұл шумақтағы ирония кейіпкердің сырттай сәтті көрінген «бағының» шын мәнінде адамдық қатынасты жоққа шығарған сәтпен тұспа-тұс келуінен туады. Ақын оқиғаны әсірелемей, қарапайым тұрмыстық жағдай арқылы моральдық дағдарысты әшкерелейді. Кейіпкердің ішкі болмысын ашуда ақын оның ұзақ жылдық «еңбегін» де алға тартады. Алайда бұл еңбек рухани дамуға емес, тек пайдакүнемдікке бағытталғанын көрсетеді:

*Жағдайын айтты ішіне сыймағаннан,
Жиырма жыл өзін тежеп қинағанын,
Тірнектеп күні-түні бір тынбастан
Ақшаны айтты қалай жинағанын...*

Бұл тұста автор әдейі кейіпкерді аянышты етіп көрсетпейді, керісінше, оның «өзін қинауын» адамдық қатынастан бас тартумен теңестіреді. Жиырма жылдық тірнек – рухани жұтандықтың уақытына айналады.

Ақынның сатиралық шеберлігі кейіпкерге біржақты баға бермеуінен де көрінеді. Ол «жақсы» не «жаман» деп кесіп айтпайды, бірақ осы екіұдайлықтың өзі терең мысқылға ұласады:

*Бұл адам жақсы да емес, жаман да емес,
Данышпан да емес ол, надан да емес.
Содан кейін қарасын көрсетпеді,
Маған бірақ берген жоқ жаман кеңес.*

Бейтарап интонация арқылы берілген бұл сипаттама – ақын қолданған ең өткір сатиралық тәсілдердің бірі. Кейіпкердің «ешкім емес» күйі оны қоғам үшін де, жеке адамдық өлшем тұрғысынан да мәнсіз тұлға ретінде танытады. Поэтикалық тұрғыдан алғанда, өлеңде ирония мен мысқыл жетекші орын алады. Ақын кейіпкерін «жақсы да емес, жаман да емес» деп сипаттау арқылы сырттай бейтарап бағалағандай көрінгенімен, осы бейтараптықтың өзі өткір сатиралық құралға айналады. Бұл – автордың тікелей үкім айтпай, оқырманды өз қорытындысына әкелетін көркемдік тәсілі. Сауда үстінде ғана пайда болған «достықтың» баянсыздығы өлең соңындағы тұжырым арқылы жинақталып, қоғамдағы жалған қарым-қатынастардың әшкереленуіне ұласады.

Өлеңнің соңғы бөлігінде ақын түйінді ойды жинақтай отырып, жалған достықтың табиғатын әшкерелейді:

Сауда үстінде танысқан базар-досың

Шыға бере ұмытар уәдесін...

Осы жолдар арқылы «сауда-дос» бейнесі поэтикалық типке айналады. Бұл – тек бір адамның мінезі емес, нарықтық, пайдаға негізделген қарым-қатынастардың символы. Ақын сатирасы осылайша жеке тағдырдан қоғамдық диагноз деңгейіне көтеріледі. Өлең құрылымында баяндау мен ой түйю өзара сабақтасып, шағын сюжетке негізделген композициялық тұтастық түзеді. Лирикалық кейіпкердің бақылаушы позициясы арқылы оқиға сырттай қарапайым көрінгенімен, астарында адамгершілік өлшемдерге қатысты терең философиялық ой жатыр. Осы арқылы Өтежан Нұрғалиев дүниеқоңыздықты тек жеке мінез кемшілігі ретінде емес, қоғамды іштен іритін моральдық дерт ретінде көрсетеді. «Сауда-дос» бейнесі ақын поэзиясында қалыптасқан сатиралық типтердің бірі ретінде бағалануға лайық. Өлеңнің көркемдік құрылымында типтендіру әдісі айқын байқалады. Ақын бір ғана адамның әрекетін суреттей отырып, «амал достың» бір түрі «сауда-достың» жинақталған бейнесін жасайды. Бұл образ жеке кейіпкер шеңберінен шығып, әлеуметтік құбылыс деңгейіне көтеріледі. Ақынның: «*Бұл адам жақсы да емес, жаман да емес*» деп басталатын тармақтары моральдық үкімнен гөрі философиялық пайымға жақын. Кейіпкердің «данышпан да емес, надан да емес» болуы оның рухани бейтараптығын, құндылықсыз күйін аңғартады.

Өтежан Нұрғалиевтің сатиралық поэзиясында пысықайлық, жалған бедел, әдебиеттегі тоғышарлық құбылыстар жүйелі түрде әшкереленеді. Ақынның «сықақ» айдарымен берілген «*Өлең жазатын адам*» атты өлеңі осы бағыттағы шығармаларының бірі ретінде поэтикалық әрі әлеуметтік салмағымен ерекшеленеді. Өлеңде ақын әдеби ортадағы жалған «өнімділікті», шын талантқа қатысы жоқ, бірақ жағдайға бейімделгіш, көнбіс мінез арқылы «жол тауып жүрген» типтің жинақталған бейнесін жасайды. Өлеңнің композициялық құрылымы уақыт категориясына негізделген. Маусымдардың алмасуы («қыс өтер», «жаз келер», «жаз өтер») арқылы кейіпкердің рухани қозғалыссыздығы, өзгермейтін ішкі болмысы контраст тәсілімен беріледі:

*Қыс өтер. Жаз да келер-ақ,
Жаз өтер. Желік қалар-ақ.
Бәрібір біздің Өтеғұл
Семіре берер домалап.*

Мұнда уақыт алға жылжығанымен, кейіпкердің ішкі сапалық өзгеріске түспеуі ирония арқылы ашылады. «Семіре берер домалап» тіркесі сыртқы күйді ғана емес, рухани жалқаулық пен тоқмейілсуді астарлап көрсететін гротесктік сипатқа ие. Ақын табиғи мезгілдер қозғалысын кейіпкердің рухани тоқырауымен әдейі қарсы қояды.

Өтежан Нұрғалиев сатирасының поэтикалық қуаты – кейіпкерді тікелей айыптаудан гөрі, оның болмысын әрекетсіздігі арқылы әшкерелеуінде. Өтеғұл – ешкімге қарсы шықпайтын, ештеңеге белсенді араласпайтын, бірақ кез келген жағдайға «ыңғайланып» жүре беретін тип:

*Сөйлейтін жерде мүдірмей,
Асығар жерде жүгірмей,
Әйтеуір, жинақ шығады
Өтеғұл десе кідірмей.*

Бұл шумақта ирония айқын. «Сөйлейтін жерде мүдірмей, асығар жерде жүгірмей» деген синтаксистік параллелизм кейіпкердің бейтарап, икемделгіш мінезін әшкерелейді. Ол белсенді де емес, қарсы да емес, бірақ дәл осы «ортаңқолдық» оның өмір сүру тәсіліне айналған. Ақын бұл арқылы әдеби ортадағы шынайы шығармашылық емес, сыртқы көрсеткішке негізделген «өнімділікті» сын тезіне алады.

Өлеңнің келесі шумақтарында сатира сарказм деңгейіне көтеріледі. Ақын Өтеғұлдың тоқтаусыз «жинақ шығаруын» таланттың өлшемі ретінде қабылдайтын жалған түсінікті әжуалайды:

*Жаз келсін, талай күз келсін,
Он берсін жинақ, жүз берсін,
Бермеген соң талантты*

Өтегүл қайдан іздесін?

Мұнда талант пен атақтың арақатынасы өткір қойылады. Ақын «бермеген соң талантты» деген жол арқылы табиғи дарыны жоқ адамның оны еңбектің не уақыттың күшімен «іздеп таба алмайтынын» меңзейді. Бұл – әдебиеттегі тоғышарлыққа қарсы бағытталған философиялық астары бар сатира. Финалдық шумақта кейіпкердің бүкіл ғұмыры бір сәтте жинақталады:

*Жантаяр жерде жантайып,
Шалқаяр жерде шалқайып,
«Өлеңші» болып өзінше,
Өтегүл өтер қартайып...*

Бұл жолдарда трагикомизм басым. Күлкі тудырған бейне бір мезетте аянышты сипатқа ие болады. Өтегүл – өз өмірін шын шығармашылықсыз, рухани биіктікке ұмтылмай өткізген адам. Ақын кейіпкер тағдырын әдейі пафоссыз, қарапайым интонациямен аяқтай отырып, оқырманды ойлануға жетелейді. Өлеңде ирония мен ащы сарказм қатар қолданылғанымен, авторлық позиция тікелей үкім айтуға ұрынбайды. Бұл – Өтежан Нұрғалиев сатирасының басты ерекшелігі. Ақын «пысықайлыққа» қарсы тұра отырып, әдеби ортада мұндай жандардың «жолы болып кететінін», ал шынайы дарынның тасада қалатынын тұспалмен, көркемдік логика арқылы жеткізеді. Аталған өлеңде Өтежан стиліне тән тағы бір маңызды сипат байқалады – кейіпкерге нақты есім беру. Өтегүл бейнесі шартты тип қана емес, ақын поэзиясында жасалған ауылдас кейіпкерлер галереясының бір бөлігі ретінде қабылданады. Бұл тәсіл сатиралық әсерді күшейтіп, образды дерексіз емес, өмірге жақын, нанымды етеді. Осылайша, ақын жеке есім арқылы жалпы әлеуметтік құбылысты танытып, сатираны поэтикалық әрі қоғамдық мәні бар көркемдік құрал деңгейіне көтереді.

Өтежан Нұрғалиевтің «Асқар Сүлейменов сөз бастайды» атты өлеңі ақынның жақын досы, көрнекті қаламгер Асқар Сүлейменовпен бірге бастан кешкен бір сәттік оқиғаға құрылғанымен, мазмұндық тұрғыдан жеке естелік деңгейінен асып, поэтикалық сюжетті, юмор мен сатираны астастыра өрбіткен көркем туындыға айналған. Өлеңнің өзегінде еркіндік рухы, достық көңіл күйі, шектен шыққан көңілділік пен оның тосын салдары бейнеленеді.

Ақын тауға шыққан екі досының хал-күйін жеңіл ирония, ойнақы ырғақ арқылы береді. Тау басындағы «кішігірім той», «о дүниеден оралғандай» әсер – уақытша бостандықтың, тұрмыстық шектеулерден ажыраған сәттің символы іспетті. Осы көңіл күй өлеңнің алғашқы шумақтарында-ақ анық сезіледі:

*Тау басында кішігірім той жасап,
о дүниеден оралғандай, бой жасап,
сыры мәлім Сырағанды жамандап,
келе жаттық көңіл де шат, ой да шат...
...Доп құсатып, тасты теуіп кебіспен,
кісінейміз құлын-тайдай тебіскен... [6, 66].*

Бұл жолдарда ақын табиғат аясындағы еркіндікті адам мінезінің балаң, тентек қырымен сабақтастырады. «Құлын-тайдай тебіскен» тіркесі кейіпкерлердің жасқа, жасампаздыққа қайта оралғандай күйін бейнелейді. Мұнда юмор тек күлкі тудырушы құрал емес, психологиялық ахуалды дәл берудің көркем тәсілі ретінде қызмет атқарады. Ары қарай өлеңнің сюжеттік желісі күтпеген бағытта өрбиді. Асқар екеуінің такси ұстап, оны «таң атқанша өз айтқанымызды істетеміз» деп ойнақы түрде билеп-төстеуі – сол бір еркіндіктің шектен асқан көрінісі. Алайда дәл осы тұста юмор біртіндеп сатиралық сипатқа ауысады. Қарапайым таксистердің ұйымшылдығы мен «халықтық» қуаты екі ақынның бейқамдығына қарсы қойылады:

*Таксист деген – халық екен ұйымшыл,
құмырсқадай құжынап кеп жиылсын,
біз – екеуміз, таксист – тоғыз, күш аздау...
біздің жағдай болғалы тұр қиын шын, – дейді ол [6, 68].*

Бұл шумақтағы «таксист – халық» деген метафора өте сәтті табылған. Ақын жеке адамдар мен көпшілік арасындағы күш теңсіздігін мысқылмен көрсетеді. Мұнда сатира

элеуметтік сипат алады: «халық» ұғымы тек абстрактылы мағынада емес, нақты әрекет үстіндегі қауым ретінде көрінеді.

Өлеңнің келесі бөлігінде оқиғаның драматизмі күшейеді. Көпір үстіндегі сәт – қауіп пен күлкінің, үрей мен абсурдтың түйіскен тұсы. Ақын осы көрініс арқылы жалған ұрандар мен өмір шындығының арасындағы қайшылықты әшкерелейді:

Нерві кетті. Тайды көңіл қоштығы.

Көріп тұрмыз дір-дір еткен мостыны...

Көпірден де лақтыратын түрі бар,

жай сөз екен – «халықтардың достығы», – дейді ол [6, 68].

«Халықтардың достығы» сияқты ресми, пафосты ұғымның нақты сәттегі мәнсіздігі өткір ирония арқылы беріледі. Бұл жолдарда Өтежан Нұрғалиевке тән азаматтық сатира да байқалады: ұран мен шындықтың арасындағы алшақтық күлкі арқылы сыналады.

Өлеңнің шарықтау шегі – екі достың қашу сәті. Ақын мұнда қозғалыс динамикасын, үрей мен күлкіні қатар алып, кинематографиялық әсерге жақын бейнелеу жасайды:

Қашар кезде қол-аяқты бос қоям...

Өзім бастап кетем жұртты тоспай «ән»...

Шегіртке боп, үрей біткен шырылдап,

кетті зулап кең көшемен қос қоян!

Бұл тұста юмор гротескке ұласып, поэтикалық образдар ерекше серпін алады. Қуғыннан қашқан кейіпкерлер «қос қоянға» айналып, күлкілі әрі аянышты халде көрінеді.

Өлеңнің соңғы шумақтарында Асқар Сүлейменовтің мінезі, болмысы да әзілмен сипатталады:

Асқар – жүйрік, зуылдаған доптайын,

ұшады алға ауық-ауық оқтайын.

Жиналыста дәл осылай сөйлейтін...

Деген ой жоқ, досы өлсе де тоқтайын!

Бұл жерде ақын достық әзілді интеллектуалдық портретпен ұштастырады. Асқардың мінезіндегі алғырлық, шапшаңдық, сөздегі өткірлік қашу эпизодымен шендестіріле бейнеленеді.

Осылайша, «Асқар Сүлейменов сөз бастайды» өлеңі – Өтежан Нұрғалиев поэзиясына тән юмор мен сатираның табиғи бірлігін танытатын көркем туынды. Өлеңде шағын сюжетке құрылған тұтас оқиға бар, ол бастау, даму, шарықтау, шешім кезеңдері арқылы өрбиді. Жеңіл күлкі астарында элеуметтік ишара, азаматтық ирония, достық философиясы қатар өріледі. Ақын өлеңді ойнақы ырғақпен еркін төгіп, оқырманның көз алдына тірі, динамикалы көрініс әкеледі. Бұл туынды Өтежан Нұрғалиев сатирасының тек мін тағумен шектелмей, өмірді бар болмысымен қабылдайтын, адамды күлдіре отырып ойлантатын поэтикалық қуатын айқын көрсетеді.

Өтежан Нұрғалиев поэзиясында жастардың өміріне, талантына, рухани еркіндігіне тұсау болатын жаман әдеттерді әшкерелеу айрықша орын алады. Ақынның бұл бағыттағы өлеңдері тек белгілі бір кезеңнің көрінісін бейнелеп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа бағытталған ескерту, рухани сақтандыру сипатында қабылданады. Сатира арқылы ақын «мұндай жолға түспеңдер, бой алдырмаңдар» деген ойды тікелей үгітке ұрынбай, көркемдік логикамен жеткізеді. Ақынның өзі бір адамға лайық ғұмырды мазмұнды өткеріп, шығармашылық өнім жағынан да кенде болмаған қаламгер. Оның сатиралық поэзиясында «жоқтан бар жасау» емес, өмірде бар құбылыстарды өткір көркемдік сүзгіден өткізу басым. «Дарынсыз драматургке», «Штрих», «Оспақ», «Арызқой» сияқты өлеңдерінде ақын өз дәуіріндегі элеуметтік-психологиялық кеселдердің тұтас бір галереясын жасайды. Бұл өлеңдерде жекелеген мінездер емес, қоғамда орнығып қалған жағымсыз типтер жинақталып көрсетіледі.

Мәселен, «Арызқой» өлеңінде ақын шағымқойлықты, ұсақ мүдде үшін бәрін құрбан етуге дайын психологияны әшкерелейді. Образды әсірелеу арқылы сатиралық әсер күшейтіледі:

Піл келеді, көшеде піл келеді,

*Біреу оған құрметпен гүл береді,
Арызқойға нанбасаң қара да тұр,
Пілге де арыз беріп үлгереді!!!*

Піл бейнесі – күштің, алыптықтың символы. Ал соған «арыз беру» – адамдық ұсақтықтың, рухани жүдеуліктің шегіне жеткен көрінісі. Ақын осы контраст арқылы арызқойлықтың абсурдтық табиғатын ашады. Өлеңнің келесі шумағында бұл мінездің жүйелілігі мен жалғасымды сипаты одан әрі тереңдетіледі:

*Көтеретін мұрнымен бөренені
Ер еді зой, піл шіркін, ерен еді...
Қалтарыста қыстырып жіберуге
Арызды алып, артынан ере берді...*

Мұнда сатира гротеск деңгейіне көтеріледі. Ақын бір ғана әрекетті емес, мінездің өмір салтына айналғанын көрсетеді. «Қалтарыста қыстырып жіберу» тіркесі арызқойлықтың жасырын, іріткі салатын сипатын аңғартады. Бұл өлеңде күлкімен қатар ішкі жиіркеніш те қатар сезіледі, яғни сатиралық әсер психологиялық деңгейде күшейеді.

Жалпы, Өтежан Нұрғалиев – табиғи дарыны бар, жасандылықтан ада, «қоспа-қоқысы жоқ» ақын. Оның шығармашылығының басты ерекшелігі – сөзге жан бітіріп, поэтикалық бейнені дәл әрі әсерлі жасауында. Ақын сөздің бояуын еркін түрлендіріп, идеялық мақсатын көркемдік тәсілдер арқылы айқын жеткізеді. Оның сатиралық өлеңдерінде қоғамдағы келеңсіз құбылыстар, адам қарым-қатынасындағы жасандылық, екіжүзділік, ұсақ мүдделер өткір сынға алынады.

Сонымен бірге, ақын сатираны тарихи жадымен, ұлттық дәстүрмен, рухани құндылықтармен сабақтастыра қарайды. Ол кешегі мен бүгінгінің арасындағы байланысты, адамдық өлшемдердің өзгеруін көркемдік тұрғыдан таразылайды. Осы тұрғыдан алғанда, Өтежан Нұрғалиев сатирасы – тек әжуа емес, рухани-этикалық бағдар беретін көркемдік құрал. Ақынның азаматтық лирикасы мен пенделік көңіл күйі бір-бірімен астасып жатады. Тіпті «пәнделік жырлар» деп шартты түрде аталып жүрген туындыларының өзінде де азаматтық пафос, өмірге құштарлық, рухани сергектік басым. Ол қағытпа әзіл, астарлы мысқыл арқылы поэзияны көпқырлы, серпінді етіп құрады.

Бұл қасиеттер Өтежан Нұрғалиевтің лирикалық поэзиясынан да айқын байқалады. Ақынның «Кемпірқосақ» жинағындағы төмендегі жолдар оның поэтикалық әлемінің романтикалық, философиялық кеңдігін көрсетеді:

*Саратшым, өлше жсырымды,
Сөз мерген едің көз көрген.
Жауқазын дүнием бұрынғы,
Майдағы гүл боп өзгерген.
Мекендеп ұшсам шың басын,
Мақтанға таңып сөкпегін,
Бозторғайларым жырласын,
Панбарқыт аспан – көктемін!
Шырағы болып жанайын
Темірқазығы жоқ жолдардың.
Төбелерінен қарайын
Оқылмай жатқан орманның!
Тай қазандарда жыр қайнап,
Тебісіп шықтық теңіз боп,
Күн тостағаннан – нұр ойнап,
Өбісіп шықтық егіз боп.
Зырлаған мезгіл ұршыққа,
Қос уыс жүн боп мінгенбіз.
Зулаған желден тұншықпай,
Жіп болып иірілгенбіз [7, 139].*

Бұл шумақтарда уақыт, тағдыр, поэзия және ақын миссиясы тұтас философиялық кеңістікте көрінеді. Мұнда Өтежан Нұрғалиевтің романтикалық дүниетанымы, поэтикалық еркіндігі, уақытпен бірге түлеп отыратын шығармашылық болмысы айқын сезіледі. Осылайша, Өтежан Нұрғалиев – уақыт ұршығымен бірге айналған, дәуірдің ірі рухани қозғалыстарымен үндескен, өз заманының үні мен тілін дәл тапқан ақын. Оның сатирасы мен лирикасы бір-бірін толықтырып, қазақ поэзиясында көркемдік тұтастыққа жеткен бірегей шығармашылық әлем қалыптастырады.

Жинақтай келгенде, Өтежан Нұрғалиев поэзиясындағы сатиралық және юморлық өлеңдер ақынның көркемдік әлеміндегі маңызды поэтикалық қабатты құрайды. Оның сатирасы жалаң әшкерелеуге немесе бір сәттік күлкі тудыруға ғана құрылмай, адам болмысының қайшылықты табиғатын, қоғамдық ортадағы рухани дерттерді, пендешілік мінездер мен жалған құндылықтарды көркемдік жинақтау деңгейіне көтере бейнелеуімен құнды. Ақын сатира арқылы жеке адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, уақыт шындығы мен адамдық өлшемнің ара салмағын айқындап көрсетеді. Өтежан Нұрғалиевтің сықақ өлеңдерінде юмор, ирония, сарказм поэтикалық тұтастықта көрініп, лирикалық бастау азаматтық ұстаныммен астасып жатады. Осы тұрғыдан алғанда, ақын сатирасы қазақ поэзиясындағы көркем ойдың дамуына, күлкі мәдениетінің тереңдеуіне және ұлттық поэтикалық дәстүрдің жаңаруына елеулі үлес қосқан құбылыс ретінде бағалануға лайық.

Әдебиеттер тізімі

1. Қожакеев Т. Сатира негіздері. – Алматы: Санат, 1996, - 464 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары (Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер). – Алматы: Жазушы, 1989. -320 б.
3. Құлмұхамбетов М., Қорабаев С. Сатира. Қазақ ССР. 4 том қысқаша энциклопедия. – Алматы: ҚСЭ, 1989. -517-520 б.
4. Мұсаев А.М. Қазіргі қазақ сатирасы» (монография) - Алматы: «Ана тілі», 1993.
5. Нұрғалиев Ө. Соғыстың соңғы жазы. Өлеңдер жинағы. – Алматы: Республикалық оқулық баспа орталығы, 2012. – 504 бет.
6. Нұрғалиев Ө. Өлеңдер- Астана: «Фолиант», 2003, 200 б.
7. Нұрғалиев Ө. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1977. – 236 б.

References

1. Qojakeev T. Satira negizderi. – Almaty: Sanat, 1996, - 464 b.
2. Baitürsynov A. Şyğarmalary (Öleñder, audarmalar, zertteuler). – Almaty: Jazuşy, 1989. -320 b.
3. Qūlmūhambetov M., Qorabaev S. Satira. Qazaq SSR. 4 tom qysqaşa ensiklopedia. – Almaty: QSE, 1989. -517-520 b.
4. Mūsaev A.M. Qazırgı qazaq satirasy» (monografıa) - Almaty: «Ana tılı», 1993.
5. Nūrğaliev Ö. Soğystyñ soñğy jazy. Öleñder jınağy. – Almaty:Respublikalyq oqulyq baspa ortalyğy, 2012. – 504 bet.
6. Nūrğaliev Ö. Öleñder-Astana: «Foliant», 2003, 200 b.
7. Nūrğaliev Ö. Tañdamaly. – Almaty: Jazuşy, 1977. – 236 b.

САТИРИЧЕСКОЕ ИЗОБРАЖЕНИЕ И ПОЭТИЧЕСКАЯ ЦЕЛОСТНОСТЬ В ПОЭЗИИ УТЕЖАНА НУРГАЛИЕВА

ОБАЕВА Г.С.¹, СОЙЛЕМЕЗ О.²

Обаева Гульнара Садуакасовна¹ – PhD, старший преподаватель, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: gso752@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2051-0270>

Сойлемез Орхан² - PhD, профессор, Университет Кастамону, г. Кастамону, Турция.

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0002-2758-8436>

Аннотация. Данная статья посвящена анализу художественной природы сатирической поэтики в творчестве Утежана Нургалиева – одного из ярких представителей казахской поэзии второй половины XX века. В качестве основного объекта исследования рассматриваются идейно-эстетические функции сатиры и юмора в поэзии поэта, их взаимосвязь с гражданской лирикой и философским осмыслением действительности. Утежан Нургалиев поднимает сатиру на уровень действенного художественного инструмента, направленного не только на создание комического эффекта, но и на критический анализ морально-этических ценностей общества, разоблачение человеческих пороков и духовной деградации.

В статье сатирические стихотворения поэта («Дүниеқоңыз», «Өлең жазатын адам», «Арызқой», «Мен талантты акынмын», «Дарынсыз драматургке») анализируются с точки зрения поэтической целостности, создания художественного образа, использования иронии, сарказма, типизации и приема названия персонажей конкретными именами. Через сатирические образы поэт подвергает критике характер современника, явления мещанства, приспособленчества, ложного авторитета и духовной опустошенности литературной среды. Особо подчеркивается, что юмор в поэзии Утежана Нургалиева не ограничивается легким смехом, а сочетается с глубоким социальным и философским содержанием.

В ходе исследования были использованы сравнительно-типологический метод, поэтический анализ и методы текстовой интерпретации. Полученные результаты позволяют определить место сатирической поэтики Утежана Нургалиева в системе казахской литературы и имеют теоретическое значение для изучения процессов развития казахской поэзии.

Ключевые слова: Утежан Нургалиев, казахская поэзия, сатира, ирония, сарказм, поэтика, типизация.

SATIRICAL REPRESENTATION AND POETIC INTEGRITY IN THE POETRY OF UTEZHAN NURGALIYEV

OBAYEVA G.S.¹ , SOYLEMEZ O.² 

Obayeva Gulnara Saduakasovna¹ – PhD, senior lecturer, K. Zhubanov Aktobe regional university, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: gso752@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2051-0270>

Soylemez Orhan² - PhD, professor, Kastamonu University, Kastamonu, Türkiye.

E-mail: soylemezo@yahoo.com, <https://orcid.org/0000-0002-2758-8436>

Abstract. This article is devoted to the analysis of the artistic nature of satirical poetics in the works of Utezhan Nurgaliyev, a prominent representative of Kazakh poetry of the second half of the twentieth century. The study focuses on the ideological and aesthetic functions of satire and humor in the poet's works, as well as their interaction with civic lyricism and philosophical reflection. Utezhan Nurgaliyev elevates satire from a mere means of generating comic effect to a powerful artistic tool aimed at critically examining moral and ethical values of society and exposing flaws in human nature.

The article analyzes the poet's satirical poems such as «Duniekoyz», «A Person Who Writes Poetry», «The Complainer», «I Am a Talented Poet», and «To a Talentless Playwright» from the perspective of poetic integrity, image construction, irony, sarcasm, typification, and the use of specific personal names. Through satirical images, the poet criticizes the character of his contemporaries, literary conformism, opportunism, false authority, and spiritual emptiness within the literary environment. It is demonstrated that humor in Nurgaliyev's poetry goes beyond light laughter and is closely connected with deep social and philosophical content.

The research employs comparative-typological methods, poetic analysis, and textual interpretation. The findings of the study make it possible to determine the place and artistic significance of Utezhan Nurgaliyev's satirical poetics in Kazakh literature and contribute to the theoretical understanding of the development of Kazakh poetry.

Key words: Utezhan Nurgaliyev, Kazakh poetry, satire, irony, sarcasm, poetics, typification.